



ЖУРНАЛИСТ

АЛАШ АРЫСЫ

Халқымыз сан ғасырлық даму барысында талай-талай дүрбелеңнен өтті. Соның бірі- соқпағы көп жиырмасыншы ғасырдағы әлеуметтік қозғалыстар, төңкерістер. Патшалық Ресей әміршілігі қазақтарды бодан еткісі келген кезеңде халқымыз салт-дәстүрін, дінін, тілін ұмытып мәңгүрттену қаупі төнген еді. Тіпті, сауат ашуға рұқсаты жоқ ұлтымыз қара халыққа айнала бастап, ұлт теңдігі аяққа тапталды. Отаршылдық езгінің шектен тыс күшеюі, саяси қанауға таптық үстемділіктің ұласуы, қалың елдің жан төзгісіз жағдайда жаншылуы патшалық Ресейдің қол астындағы халықты ашындырды. Алайда бұл уақытта қазақтың қанына сіңген, жанымыздың бір түкпірінде бар арыстан мінезді халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұңдаған зарлы перзенттеріміз де аз болмады. Соның бірі шындықтың шырақшысы – Мағжан Жұмабаев.



Ақты кара, қараны ак деп түсіндірген зорлық-зомбылық дәуірінің құрбаны болған ақын тағдыры аянышты. Жоқшылық пен аштық зардаптарын былай қойған күннің өзінде ел өміріндегі ұлы оқиғалар өршіл ақынды күрес толқынына тартып әкетті. Ұлты үшін кең байтақ елді дүбірлеткен ревалюцияға үндеу тастап, бостандықты насихаттап, жаңа өмір құруға белсене араласып, бел шешіп кіріскен ақынның басты мақсаты да отты ойлы жалындаған жырларымен елді тығырыктан шығару еді...

Осы мақсатта көп еңбек сіңірген ол, ақырында қудалауға ілікті. Аққа күе жаққандай, баяғы бұрмалаушылық жала тар қапасақа түсуіне себеп болғандай. Оның «Тоқсанның тобы» атты құнды поэмасының өзін тоқсан саққа жүгіртіп,

ШЫНДЫҚТЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

бұл ақынның шын ойы, шын көңілі емес деп шулағандар көп болды. Анасыны түрме азаптарынан кейінгі жазған хаттарына сүйеніп айтар болсам, ақынның қатты азап шеккендігі байқалады. Ұлты бұлт төнбеген алтын күннің аясында ғұмыр кешсінші деген жолда құрбан болған ақын күннің көзін бір көруге зар болған күйде қаранғы қапаста жан тәсілім етті.

Мен өлмеймін,
менікі де өлмейді,
Надан адам,
өлім жолын білмейді.
Өзім-патша,
өзім-қазы, өзім-би,
Қандай ессіз
не қылдың деп тергейді
Мағжан өз тегін де, өз жерін де, өз ұлтын да мадақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орынын актауға ұмтылған, өлең сөздің асыл маржа-

нын төккен, сұлу жырымен оқырманын еліткен, өне бойы қапаста, кайғы мен қасіретте өмір кешкіп, ақырында қыршынынан қиылған, соры арылмаған халқының зарлы перзенті еді. Асыл мұраларының ішінен: «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді» деген жолдарда асқан бір шындық жатыр екен. Өйткені ақын өлеңі мен даналығы өлмек емес. Ал, көрсеткен қайтпас

қайсарлығы өзінше бір төбе. Э.Хемингуэй «Әрбір адам қандай да бір іс үшін туады. Жер басып жүрген әрбір адамның өмірде өз міндеттері бар» деп айтқандай, тек ұлтының қамын жеп өткен, Мағжан да өмірге жанын емес, халқының қамын сүйуге келсе керек...

Ақын көзін аластап, өлеңін жауып, жоқ қылған әкімшілік дәуір де үстімізден ауып кетті. Бүгін де кешегі білектің де

жүректің де күшімен бабаларымыз қол жеткізген, артынша бізге аманаттаған тәуелсіз елдің ұрпақтарымыз. Және Мағжандай ұлының ұлағатын ұлықтаған, қайсарлығынан патриоттық тәрбие алатын, қай кезде де ұлтын сүйе білетін ұрпақпыз. Осындай қарқынмен «Мәңгілік ел» бола-рымызға бек сенімдіміз!

Айгерім АМАЛБЕК

МЕЙІРІМ ШУАҒЫ

Шынымды айтсам, бұл әңгімені қалай бастарымды білмеймін. Бұл әңгімені жазуға қанша оқталсамда қағаз бетіне түсіре алмай жүргеніме көп болды. Міне, бүгін сәті түсті. Жаз мезгілі. Көпшілік жұрт демалыста. Теміржол толы адам. Айнала у да шу. Пойыз да келді. Адамдармен ілесіп пойызға отырдық. Вагонымызда түрлі жастағы әпкелеріміз бар екен. Әңгіме-дүкен құрып барар бағытымызға тез жеткіміз келді.

Бастан өткен кеткендерін айтып, жол қысқартуға тырысты. Әрбіріміздің өміріміз әртүрлі. Біріміздің өмір парағымыз шимайланған болса, енді біріміздікі — әлі ашылған жаңа парактар. Пойызда жүгірген балаларда жетерлік. Қызық болсын деп әпкелер балаларды сөзге тартып қояды. Бір уақытта мынадай қызық бір әңгіме басталды. Жанымдағы қыз 4-5 жас шамасындағы сүйкімді қызға: «Қандай сүйкімді қызың. Маған қыз болшы», -

АЛЛАДАН СҰРАҢЫЗ



дегені сол еді, әлгі кішкентай қыз: «Әпке, мен сізге қыз болмаймын. Сіз бөпені Алладан сұраңыз», - деп тәтті тілімен тез жауап берді. Міне, сонда менің үстімнен

біреу мұздай су құйып жібергендей күйде қалдым. Әпкелер де үнсіз, тыптыныш бол қалды. Біраздан соң жанымдағы әпке жаңағы қыздан: «Қызым сонда

мен не деп сұрайын», - деді. Кішкентай қыз: «Қолыңызға ақша алыңыз, ақшаны алақаныңызға қысып, артқа қарап лақтырып жіберіңіз. Сосын қолыңызды жайыңыз Алла сізге бөпе береді», - деді де кете берді. Кішкентай ғана періште үлкен адамның ойына келмейтін сөзді айтқанда басқаша бір сезімде болады екенсің. Шынымды айтсам, кішкентай ғана қыздан мұндай тапқыр ой күтпеп едім. Осындай ақылды ұрпағымыз көп болсын деп тілеймін осы тұсты. Мүмкін тым әсерлі деп ойларсыз. Дегенмен құлақпен естіп, көзбен көргенім. Осындай әсерлі әңгімелеріміз көп болсын...

Мейірім БАҚЫТБЕК

ТІЛ ТАҒДЫРЫ

АНА ТІЛІ



Дара тілім, дана тілім, бал тілім,
Рух пен жігер-асқақтаған зор үнің
Мақтанышым, сенің таңым арайлы,
Ыстық леп бойыма менің тарайды.

Көкті де көрді, биікке шықты тіліміз,
Түзелді бүгін Ислам атты дініміз.

Жақсылық пен ұлылықтың жаршысын,
Тіл арқылы ұқтық біз.

Пай-пай, пай-пай, неткен сұлу тіл едің,
Жүрегімде өрілген сен жыр едің.
Ләззат алып бір өзіңнен келемін
Ана тілім, барымды саған беремін.

Өлеңнің авторы: Абылайхан ӨМІРБАЙ